

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

www.election.gov.kz

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

ҚАЗАҚ АГРОҒЫЛЫМЫНЫҢ
КӨШБАСШЫСЫ

5-БЕТ | ҚОҒАМ

«АҚ БАТПЫРАУЫҚ»
ҚҰПИЯСЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



АҚОРДА



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Президентіне тоғыз елдің төтенше және өкілетті елшілерінің сенім грамоталарын табыстау рәсімі өтті.

Сенім грамоталарын Молдова Республикасының елшісі Игорьь Молдован, Вьетнам Социалистік Республикасының елшісі Тхань Ле Нгуен, Корея Республикасының елшісі Ки Хон Чжон, Оңтүстік Африка Республикасының елшісі Лунгисани Доминик Нтомбелла, Словакия Республикасының елшісі Любомир Регак, Германия Федеративтік Республикасының елшісі Хайке Ренате Пайч, Әзербайжан Республикасының елшісі Алимйрзамин Аскеров, Словения Республикасының елшісі Бранко Раковец және Намибия Республикасының елшісі Моника Ндилявике тапсырды.

Мемлекет басшысы еліміздің бейбітсүйгіш сыртқы саясат бағдарын ұстанатынын айтты.

– Өздеріңізге мәлім, Қазақстан қазіргідей аса күрделі геосаяси жағдайда бейбіт сыртқы саясат

жүргізіп келеді. Біз бейбітшілік салтанат құруға тиіс деп санаймыз. Сондықтан Орталық Азияда да, одан тысқары жерлерде де бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтап, ынтымақтастықты өрбіту үшін қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасаймыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімге қатысушыларға Қазақстанның экономикалық әлеуеті және ұлттық экономикаға шетелден инвестиция тарту ісіндегі табыстары жөнінде мәлімет берді.

– Біз елімізге шетел инвестициясын тарту үшін барынша қолайлы жағдай жасап отырмыз. Әлбетте, Қазақстанға келіп жұмыс істегісі келетін шетелдік кәсіпкерлерді және ірі компанияларды құшақ жая қарсы аламыз. Өздеріңіз білетіндей, біздің нарықта ірі халықаралық компаниялардың

басым бөлігі қызмет етеді. Бұл саясаттан айнымайтынымызға сенімдімін. Шетелдік инвестицияға қатысты ашық есік саясатын дәйекті түрде жалғастыруға ниетіміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар жөнінде айтты. Оның қисынды жалғасы тарихи Құрылтай сайлауы болмақ. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі түбегейлі өзгерістер халықаралық қоғамдастықпен ынтымақтастықты нығайтатын мүмкіндіктерге жол ашатынына сенім білдірді.

Президент Астананың елшілер өкілдік ететін мемлекеттермен қарым-қатынасты нығайтып, сан қырлы ықпалдастықты дамытуға мүдделі екенін растады. Сондай-ақ мемлекеттер басшыларына жылы лебізін жолдады.

МИНИСТРГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа ведомство жұмысының нәтижесі, азаматтық қорғаныс жүйесін жаңғырту барысы және алдағы кезеңге арналған жоспар жөнінде баяндалды.

Президентке Төтенше жағдайлар министрлігінің материалдық-техникалық базасын нығайту шаралары таныстырылды. Соңғы екі жылда бөлімшелер 1,4 мыңнан астам техника, авиация, заманауи құтқару жабдықтары, ұшқышсыз ұшу аппараттары және байланыс құралдарымен толықты. Бұл еліміздің барлық өңірінің төтенше жағдайлар кезінде жедел әрекет ету мүмкіндігін айтарлықтай арттырды.

ция және теңіз жасақтары құрылғаны жөнінде айтты. «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында 237 ерікті өрт сөндіру бекеті салынған. Олар шамамен 700 елді мекеннің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Халықты жаппай шұғыл хабардар ету жүйесін дамыту жұмыстары жалғасып, Ахуалдық орталықтың мүмкіндіктері кеңейтіліп жатыр. Сондай-ақ табиғи өртті ерте анықтау жүйелері біріктірілуде.

қызметкерлері үшін арнайы тұрғын үй кластерін құру жобасы қолға алынды. Аталған бастама өрт сөндіру бөлімдері мен құтқару базаларының жанында қажетті инфрақұрылымы бар тұрғын үй кешендерін салуды көздейді.

Президент министрліктің азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру бойынша атқарып жатқан жұмысын оң бағалады да, жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, аудандық және ауылдық



Сонымен қатар министрлікке қарасты бөлімшелерді жаңғырту жұмыстары қолға алынды.

Шыңғыс Әрінов бөлімшелер желісін дамыту мәселесіне тоқталып, жаңа әмбебап құтқару құрылымдары, авиа-

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа ведомство қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шаралары туралы мәлімет берілді. Құтқарушыларға тұрғын үй төлемдері қарастырылған. Төтенше жағдайлар министрлігінің

құтқару бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту іс-шараларын жалғастыру, заманауи технологиялар енгізу және өрт қауіпсіздігі деңгейін көтеру жөнінде тапсырма берді.

ҮКІМЕТ



ҚАЛДЫҚТЫ ӨНДЕУ ҚАРҚЫН АЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Hunan Junxin Environmental Protection Co., Ltd компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Дай Даогомен кездесті.



Жүздесуде Алматы қаласында қалдықтарды энергетикалық көдеге жарату зауытын салу жөніндегі жобаны жүзеге асыру барысы талқыланды. Бұған дейін Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен Hunan Junxin Environmental Protection Co., Ltd компаниясы арасында қол қойылған инвестиция келісіміне сәйкес осы жылдың мамыр айында 145 млрд теңгелік инвестиция жобасы жүзеге аса бастаған еді.

Hunan Junxin Environmental Protection Co., Ltd директорлар кеңесінің төрағасы Дай Даого жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмысын бастауға дайындық жүріп жатқанын хабарлады. Қуаты тәулігіне 2 мың тоннаға дейінгі қалдықтарды қайта өңдеуге жететін кәсіпорын 60

МВт-қа дейін электр энергиясын өндіре алады, көмірқышқыл газының қалдықтарын жылына 200 мың тоннаға дейін қысқартып, жыл сайын қоқыс полигоны аумағының шамамен 800 мың текше метр көлемін босата алады. Құрылыс кезеңінде кемінде 700 жұмыс орнын және іске қосылғаннан кейін 120 тұрақты жұмыс орнын құру көзделген.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экологиялық жауапкершілік пен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше назар аударатынын атап өтті. Жаңа Конституцияда қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік саясат пен азаматтық жауапкершіліктің негізгі қағидаттарының бірі ретінде бекітілген. Жоғары деңгейде қол жеткен уағда-

ластықтар сауда-экономика ынтымақтастығын одан әрі дамытуға қолайлы жағдай жасайтыны аталып өтті. Сонымен қатар Қазақстанның басқа да өңірлерінде осындай жобаларды жүзеге асыру арқылы қалдықтарды көдеге жарату саласындағы ынтымақтастықты кеңейту перспективалары талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша Премьер-министр Экология және табиғи ресурстар министрлігіне және басқа да жауапты мемлекеттік органдарға компаниямен шұғыл түрде ынтымақтастықтың барлық аспектісін зерделеуді және бір ай ішінде Қазақстанның бірқатар ірі қаласында қалдықтарды көдеге жарату жөніндегі зауыттар салу туралы келісімге қол қоюға дайындауды тапсырды.

АВТОЖОЛ САЛАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен автожол саласы мәселелері жөнінде кеңес өтті. Оған Көлік, Қаржы, Ұлттық экономика, Әділет министрліктерінің, ҰҚК Шекара қызметінің, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басшылығы және мердігер ұйымның өкілдері қатысты.

Жиында «Орталық-Батыс» жобасын іске асыру, автомобиль өткізу пункттерін жаңғырту, күзгі-қысқы кезеңде республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстау мәселелері қаралды. Атап айтқанда, «Орталық-Батыс» жобасы бойынша жобалау, құрылыс-монтаждау жұмысының барысы, жер учаскелерін қаржыландыру, бөлу мәселелерін қоса алғанда, оны іске асырудың қазіргі жағдайы қаралды.

Автомобиль өткізу пункттерін жаңғыртуға ерекше назар аударылды. Жұмыс сапасы, белгіленген мерзімдердің сақталуы, ведомствоаралық шешімді талап ететін мәселелер талқыланды. Күзгі-қысқы кезеңге дайындық шеңберінде жол ұйымдарының республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қысқы күтіп-ұстауға дайындығы пысықталды. Қажетті техникамен, тайғаққа қарсы материалдармен қамтамасыз

етуге және қыс мезгілінде қауіпсіз әрі үздіксіз қозғалысты қамтамасыз етуге әзірлікке ерекше назар аударылды. Жиын қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға мәселелерді уақытылы шешуді қамтамасыз ету, құрылыс жұмысын сапалы жүзеге асыру, ведомствоаралық үйлестіруді күшейту және белгіленген мерзімдердің сақталуын қамтамасыз ету тапсырылды.

БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – НАЗАРДА

Биыл елімізде 20,4 млн шаршы метр тұрғын үйді немесе шамамен 188 мың тұрғынжайды пайдалануға беру жоспарланған. Жеті айдың қорытындысы бойынша 9,7 млн шаршы метр тұрғын үй немесе 92,3 мың тұрғынжай пайдалануға берілді. Осылайша, жылдық жоспардың 47,5%-ы орындалды.

Жаңа тұрғын үй салумен қатар, азаматтарды мемлекеттік қолдау шаралары да іске асуда. Биыл 155,5 млрд теңгеге 12 мың кредиттік тұрғын үй салу және сатып алу көзделген. Сонымен қатар 269 млрд теңгеге 13,5 мың жалдамалы тұрғын үй

сатып алу жоспарлануда. Ал жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламалары бойынша жыл басынан бері азаматтарға 2-5% мөлшерлемесмен жалпы сомасы 72,7 млрд теңгеге 5,1 мың қарыз берілді. Сондай-ақ «Наурыз» бағдарламасы аясында

жалпы сомасы 339,2 млрд теңгеге 11,5 мың қарыз берілген. Осылайша, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі еліміздің өңірлерінде тұрғын үй салу және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысы жалғасатынын айтты.



ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІМЕН ЖАҢҒЫРТАДЫ

Астанада бірнеше жылдан бері «Халық қатысатын бюджет» жобасы сәтті жүзеге асып келеді. Оның аясында елорда тұрғындары өз аулаларын абаттандыру мен жаңғыртуға тікелей атсалыса алады. Биыл қаланың 6 ауданында іске асыруға ұсынылған жобалар іріктеліп, мақұлданды. Қазіргі таңда аулалардың басым бөлігінде жұмыс аяқталып, нысандар пайдалануға берілді. Жалпы биыл қала әкімдігі 173 аула және қоғамдық кеңістікті (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандырады.

2026 жылғы дауыс беру қорытындысы бойынша Есіл ауданында 5 аумақты абаттандыру туралы өтінім мақұлданды. Олар – «Адина», «Венский квартал», «Арман қала 5», «Арман қала 4» және «Лазурный квартал» тұрғын үй кешендері. Қазіргі таңда 4 нысандағы жұмыс толық аяқталды. «Лазурный квартал» тұрғын үй кешеніндегі абаттандыру жұмысы да аяқталуға жақын. Абаттандыру барысында тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған кешенді жұмыс жүргізілді. Балалар және спорт алаңдары орнатылып, сыртқы жарықтандыру жүйесі жасалды. Аумақтар жөнделіп, көгалдандырылды. Сонымен қатар орындықтар, қоқыс жәшіктері және өзге де шағын сәулет нысандары қойылды.

Алматы ауданында жоба аясында 25-тен астам аула абаттандырылды. Атап айтқанда, Б.Момышұлы даңғылы, 16; Қ.Рысқұлбеков көшесі, 16 және 6; Күйші Дина көшесі, 22; Абылай хан даңғылы, 12/2 және 33; М.Жұмабаев даңғылы, 16/2; Ғ.Мұстафин көшесі, 5/1; Манас көшесі, 11/1 мекенжайларында жұмыстар жүргізілді. Жобаға қосымша қатысқан

аулалар қатарында Б.Момышұлы даңғылы, 2, 2а, 2в; Ғ.Мүсірепов көшесі, 10/2; Қ.Сәтбаев көшесі, 4/1; Манас көшесі, 11/3 және басқа да мекенжайлар бар. Бұл нысандарда балалар алаңдары абаттандырылып, заманауи ойын кешендері, әткеншектер мен құмсалғыштар орнатылды. Қауіпсіз тартан жабыны төселді. Сонымен қатар спорт алаңдары жасалып, демалыс орындары ұйымдастырылып, аумақтар көгалдандырылды.

Сарайшық ауданында биыл «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 11 аула аумағы абаттандырылды. Жаңарған аулалар Т.Жүргенов көшесі, 18/2; Р.Қошкарбаев даңғылы, 60; К.Әзірбаев көшесі, 6, 6/1, 6/2, 6/3, 6/4, 6/5; А.Байтұрсынұлы көшесі, 17, 17/2, 19, 27 мекенжайларында орналасқан.

Нұра ауданында биыл 8 ауланы абаттандыру туралы өтінім мақұлданды. Оның 6-уы абаттандырылып, пайдалануға берілді. Олар Айғаным көшесі, 23; Сығанақ көшесі, 16/1; Ш.Айтматов көшесі, 41, 41А және 41Б; Тұран даңғылы, 14/1 мекенжайларында орналасқан. Тағы 2 жобаны жаздың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Байқоңыр ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысу үшін 15 өтінім түскен. Жоба аясында аулалар кешенді түрде жаңғыртылып, тозығы жеткен алаңдар заманауи демалыс және спортпен шұғылдану орындарына айналды. Барлық жұмыс жергілікті тұрғындардың ұсыныс-тілегі ескеріле отырып жүргізілді. Бұл жаңарған аумақтарды тұрғындар үшін барынша қолайлы әрі тиімді етуге мүмкіндік берді. Абаттандыру жұмысы Отырар көшесі, 7, 9, 10, 11; Республика даңғылы, 16, 16/1, 18; Абай даңғылы, 49 және 51; Жақып Омаров көшесі, 150; А.Бараев көшесі, 18, 18/1 және 18/2; Отырар көшесі, 2/1; Абай даңғылы, 34 мекенжайларында жүргізілді. Сонымен қатар С.Сейфуллин көшесі, 65 мекенжайындағы аулада аумаққа асфальт төселді.

Сарыарқа ауданында 10 аула аумағын абаттандыру жұмысы аяқталды. Қазір тағы 4 мекенжайда жұмыс жалғасып жатыр. Жобаларды іске асыру нәтижесінде балалар және спорт алаңдары жаңартылып, шағын сәулет нысандары орнатылып, тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз жағдай жасалуда. Жұмыс Г.Титов көшесі, 12 және 14; Жеңіс даңғылы, 5; К.Күмісбеков көшесі, 7/1; Н.Тілендиев даңғылы, 16/1; Бейбітшілік көшесі, 62; Біржан сал көшесі, 1; И.Құтпанов көшесі, 3; С.Сейфуллин көшесі, 11 және 20, сондай-ақ Сарыарқа даңғылы, 11 мекенжайларында аяқталды.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы бірнеше жылдан бері аула аумақтарын абаттандырып, тұрғындардың өмір сүру ортасын жақсартуға мүмкіндік беретін тиімді тетік ретінде өз нәтижесін көрсетіп келеді.

АРДАГЕР ҰСТАЗДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше елордада педагогтардың тамыз кеңесі аясында Астана қаласы Білім басқармасы жанындағы Ардагерлер кеңесінің «Мен және сен: ұрпақтар сабақтастығы – тәрбиенің алтын көпірі» тақырыбындағы секция отырысы өтті.

Кездесудің мақсаты – ардагер ұстаздардың тағылымды тәжірибесін жас педагогтарға жеткізу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту және тәрбие үдерісіндегі аға буынның рөлін арттыру. Секция барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, «Мен және сен» жобасы, балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және мектеп, ата-ана мен қоғам арасындағы ынты-

мақтастық мәселелері талқыланды. Пікір алмасу алаңында ардагер педагогтар өз тәжірибесімен бөлісіп, тәрбие жұмысын жетілдіруге бағытталған ұсынысын ортаға салды. Іс-шара қорытындысында ұрпақтар сабақтастығын нығайту, ардагер ұстаздардың тәжірибесін білім беру үдерісіне тиімді енгізу және жас педагогтарды қолдау бойынша ұсыныстар әзірленді.

TARLAN ASTANA ЖЕЛІСІ ҚАЛАЙ ОРНАЛАСАДЫ?

Tarlan Astana желісінің екінші және үшінші бағыттағы желісі толықтай елорда аумағында орналасады. Ал төртінші желі Астана мен Қосшы қаласының әкімшілік шекарасы арқылы өтеді. Бұл туралы CTS компаниясының жобаға қатысты жарияланған экологиялық құжаттамасында айтылды.

Бас қаладағы жеңіл рельсті көлік жобасының екінші кезеңі екінші, үшінші және төртінші желілерді қамтиды. Олардың жалпы ұзындығы шамамен 26,5 шақырымды құрайды. Жобаға сәйкес, Tarlan Astana желілерінің тұрғын үй аймақтарына ең жақын орналасатын жері 13 метр қашықтықта болады.

Экологиялық құжаттамада Tarlan Astana желісіне жақын орналасқан су нысандарының қатарында Талдықөл көлі, Сарыбұлақ өзені, Кіші Талдықөл көлдері тобына кіретін №5 көл және Тассуат көлі көрсетілген. Деподан 455 метр қашықтықта орналасқан Талдықөл көлі су қорғау аймағына кіреді. Ал Сарыбұлақ өзені екінші желі станциясынан 370 метр қашықтықта орналасады.

Жоба аясында жасыл желектерге де өзгеріс енгізіледі. Астанада 68 ағашты мәжбүрлі түрде кесу, 62 ағашты басқа жерге көшіру



жоспарланған. Қосшы қаласында 119 ағаш пен 51 бұтаны кесу, сондай-ақ 87 ағаш пен 68 бұтаны қайта отырғызу көзделген.

Құжатта кесілген және көшірілген жасыл желектердің орны жапырақты немесе қылқан жапырақты көшеттерді он есе мөлшерде отырғызу арқылы өтелетіні көрсетілген.

САРЫБҰЛАҚ ӨЗЕНІ ТАЗАРТЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы аясында Сарыбұлақ өзенін тазартуға бағытталған кешенді жұмыс жүргізілді.

Ис-шара барысында мамандар су айдынына биологиялық препараттарды енгізу процесін көрсетті. Құрамында пайдалы микроорганизмдер бар препараттар судағы органикалық ластануды азайтуға, оның сапасын жақсартуға және су айдынының табиғи экологиялық тепе-теңдігін

қалпына келтіруге бағытталған. Сонымен қатар қатысушыларға Сарыбұлақ өзенін сауықтыру бағытында қолданылатын заманауи технологиялар мен атқарылып жатқан жұмыс туралы ақпарат берілді.

Қазіргі уақытта су айдынында экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бірқатар іс-шара жүзеге асырылуда. Олардың қатарында жағалау сызығы мен су айдынын санитар-



лық тазалау, қоқыстарды жинау, су өсімдіктерін шабу, су ағысына кедергі келтіретін бөгеттерді тазарту, тұнба шөгінділерін алып тастау, суды аэрациялау, сондай-ақ пайдалы микроорганизмдер негізіндегі биологиялық препараттарды қолдану жұмысы бар. – Табиғи су айдындарын қалпына келтіруде биологиялық әдістердің маңызы зор. Қолданылып отырған препараттардың құрамындағы пайдалы микроорганизмдер органикалық ластануды ыдырату процестеріне ықпал етіп, судың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Биологиялық тазарту – су экосистемінің табиғи тепе-теңдігін сақтауға бағытталған тиімді әрі экологиялық қауіпсіз тәсілдердің бірі. Сарыбұлақ өзенінде жүргізіліп жатқан жұмыстар кешенді түрде жүзеге асып, механикалық тазалау, аэрация және биологиялық әдістер өзара үйлестірілуде, – деді «Astana Bioscience Business Centre» ЖШС директорының ғылым жөніндегі орынбасары Азамат Садықов.



ХАБАРЛАНДЫРУ	орналастыру бөлігінде, тапсырыс беруші: Д.Ж.Нурғалиева;
«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды:	– Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, 70-жол, 12/1 учаскесінде орналасқан жер учаскесінде «Бетон-ерітінді торабын, өндірістік базаны, қоймалар мен цехтарды салу және пайдалану» объектісін

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурстың өтетін орны: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министріліктер үйі, 5-кіреберіс, онлайн режимде.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: зерттеулер жүр-

гізу, ғылыми-техникалық, ақпараттық және білім беру бағдарламаларын іске асыру, медициналық статистиканы және денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінің инфрақұрылымын жетілдіру арқылы денсаулық сақтау жүйесін дамытуға жәрдемдесу.

Конкурста қатысушыларға қойылатын талаптар, сондай-ақ конкурста қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайтында орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm>

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

Құрылтай депутаттарын сайлау науқаны аясында ҚР Орталық сайлау комиссиясының XIII отырысы өтті. Комиссия төрағасы Нұрлан Әбдіров бір күн бұрын ОСК мүшелері инспекциялық сапарларын аяқтағанын атап өтті. Соның барысында еліміздің барлық өңіріндегі сайлау учаскелері қамтылды. Төраға атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарып, сайлау учаскелерінің сайлауға жоғары деңгейде дайын екенін атап өтті. Сонымен бірге сайлау күніне дейін шешілуі тиіс бірқатар өзекті мәселеге назар аударды.



– Сапарлар барысында комиссиялардың жұмысы және сайлау учаскелерінің дауыс беруге дайындығы жан-жақты зерделенді. Жекелеген мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берілді. ОСК мүшелері сайлау учаскелерінің қолжетімділігіне және мүгедектігі бар адамдардың дауыс беруі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге ерекше назар аударды. Сондай-ақ ауа райының жағдайына қарай барлық сайлау учаскесінде қолайлы температура режимін қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда, кондиционерлердің жағдайын тексеру және желдету жүйесімен жабдықтау қажет. Сондай-ақ дауыс беру күні жедел медициналық көмек көрсету қызметінің жұмысын күшейту керек. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардан аталған мәселелерді ерекше бақылауға алуды сұраймын. Инспекциялық сапарлар барысында айтылған барлық ескерту толық пысықталып, олар бойынша қажетті шаралар 23 тамызға дейін қабылдануы тиіс, – деді Нұрлан Әбдіров.

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Азамат Айманакумов дауыс беруді ұйымдастыру және оның қорытындысын шығару тәртібі туралы баяндады. Оның айтуынша, дауыс беру 10423 сайлау учаскесінде, оның ішінде Қазақстанның 61 елдегі 79 өкілдігінде ұйымдастырылады. Дауыс беру 7:00-ден 20:00-ге дейін өтеді. Әскери бөлімдерде, қатынауы қиын аудандарда, шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелерінде, үздіксіз жұмыс істейтін

өндірісі бар ұйымдарда, демалыс үйлерінде, санаторий-курорт ұйымдарында, стационарлық жағдайда емделіп жатқан, азаматтар тұратын мекендерде, жұмысты вахта әдісімен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстанның шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылар тізіміне енген барлық азаматтар дауыс берген жағдайда, дауыс беруді аяқталды деп хабарлауы мүмкін.

– Дауыс беруге арналған үй-жайда болатын адамдар учаскелік сайлау комиссиясы белгілеген қағидаларды қатаң сақтауға міндетті. Тиісті учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы дауыс беруге арналған үй-жайда бір мезгілде болатын азаматтардың санын реттейді, тәртіпке жауапты болады және «ҚР-дағы сайлау туралы» конституциялық заңның ережелерін бұзып, дауыс беруді өткізуге кедергі келтірген кез келген адамның ол жерден кетуін талап етуге хақылы. Дауыс беру күні дауыс беруге арналған үй-жайда дауыс беру процесіне қатысы жоқ басқа адамдардың болуына жол берілмейді. ҚР Сайлау туралы заңнамасы бұзылған жағдайда, учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі оның жұмысына қатысудан дереу шеттетіледі, ал байқаушы және өзге де адамдар сайлау комиссиясының жазбаша түрде қабылданған дәлелді шешімі бойынша үй-жайдан шығады, – деді Азамат Айманакумов.

ОСК мүшесі денсаулық жағдайына байланысты немесе отбасының сырқат мүшесіне күтім жасауына орай сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтардың үйде дауыс беру мүмкіндігі бар екенін еске салды. Сондай-ақ Құрылтай депутаттарын сайлау қорытындыларын Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткен күннен бастап 10 күн мерзімде белгілейтін атап өтті.

Ал ОСК мүшесі Ләззат Сүйіндік отырысқа қатысушыларды сайлау учаскелерінде мүгедектігі бар адамдар үшін жасалып жатқан жағдайлар туралы хабардар етті. Атап айтқанда, ол барлық сайлау учаскесінде қолжетімді болатын дауыс беру бюллетеніне арналған Брайль қарпі бар арнайы трафаретті таныстырды. Осы бағытта Орталық сайлау комиссиясының негізгі мақсаты – көру қабілеті бұзылған азаматтарға өз бетінше дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Айта кетейік, Брайль қарпі бар мұндай трафарет мүгедектігі бар адамдарға қажетті ақпаратпен танысып, өз бетінше дауыс беруге мүмкіндік беретін жалғыз тәсіл емес. Әрбір сайлау учаскесінде арнайы бұрыштар ұйымдастырылған. Онда диагоналі кемінде 54 сантиметр болатын мониторы бар компьютер қарастырылған. Компьютерде партия тізімін ұсынған 7 саяси партия туралы Орталық сайлау комиссиясы белгілеген мәліметтердің стандартты жиынтығына сәйкес бірыңғай форматта аудиоақпарат, сондай-ақ басқа да аудио және бейне-

материалдар орналасқан. Арнайы бұрышта құлаққап, қосымша жарықтандыру құралы және үлкейткіш лупа қарастырылған.

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман халықаралық байқаушыларды аккредиттеу 17 тамызда аяқталғанын атап өтті. Осылайша, Құрылтай сайлауын халықаралық байқауға 777 шетелдік байқаушы қатысады. Олар – 42 шет мемлекет пен 13 халықаралық ұйымның өкілі. Сондай-ақ халықаралық байқаушылар қатарында 41 елдің парламентінен 138 депутат бар.

– Халықаралық байқаушылардың саны Құрылтай сайлауына халықаралық қызығушылықтың жоғары екенін көрсетеді. Олардың қатысуы сайлау науқанының ашықтығы мен жариялылығына ықпал етеді. Бұл – біздің халықаралық міндеттемелерді ұстануымыздың, сондай-ақ электоралдық салада халықаралық ұйымдар және шет мемлекеттермен тығыз ынтымақтастықты жалғастырып келе жатқанымыздың дәлелі. Сондай-ақ басқа елдердің орталық сайлау органдарындағы әріптестеріміздің қатысатынын атап өткім келеді. Олардың Қазақстанда өтетін сайлау науқандарына тұрақты қызығушылық танытып келе жатқаны үшін алғысымды білдіремін! Құрылтай сайлауын байқауға 22 мемлекеттің орталық сайлау органдарының өкілдері, оның ішінде 11 сайлау комиссиясының төрағалары қатысады, – деп қорытындылады Нұрлан Әбдіров.

Салыстырмалы талдау нәтижесіне сәйкес, Қазақстанда сайлау науқаны барысында азаматтардың дауыс беруге дайындығы тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталып отыр. Сонымен қатар өз таңдауын әлі айқындамаған сайлаушылар саны азайып, партиялық таңдаулардың көрінісі барған сайын айқындала түсуде.

ДАУЫС БЕРУГЕ ДАЙЫН

Барлық жеті зерттеуде, олардың жүргізілу мерзімі, әдіснамасы және іріктеу көлемі бойынша айырмашылығына қарамастан, азаматтардың дауыс беруге дайындық деңгейінің көрсеткіштері бір-біріне ұқсас. DATAMetrics нәтижесіне сәйкес, респонденттердің 75,6%-ы сайлауға қатысуға ниетті екенін білдірген. Ал Еуразиялық интеграция институтының екі зерттеуінде бұл көрсеткіш 72,1 және 73,2%-ды, ҚҚДИ зерттеулерінде 75,1% және 70,3%-ды, Қоғамдық саяси институтының зерттеуінде 72,3%-ды, сондай-ақ Демократия институтының зерттеуінде 73,1%-ды құрады. Осылайша, электоралды белсенділік көрсеткіші 70,3% және 75,6% аралығындағы диапазонда орналасып отыр. Ең төменгі және ең жоғары көрсеткіштер арасындағы айырмашылық небәрі 5,3 пайыздық тармақты құрайды. Бұл тұрақты үрдіс сауалнамаға қатысқандардың шамамен 10-нан 7-уі немесе одан да көп бөлігі науқан барысында сайлау учаскелеріне баруға ниетті екенін мәлімдегенін көрсетеді. Сонымен қатар әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер аға буын өкілдері арасында электоралды белсенділіктің жоғары екенін көрсетті. ҚҚДИ мәліметіне сәйкес, аға буын өкілдері арасында бұл көрсеткіш 80,7%-ды құраса, жастар арасында 69,4%-ды құрайды. Дауыс беруге дайындық жоғары білімді азаматтар арасында да жоғары.

Соңғы екі айдағы көзге түскен үдерістің бірі – партиялық таңдауларын әлі жасамаған сайлаушылар санының азаюы. ҚСЗИ тапсырысы бойынша DATAMetrics компаниясы 13 маусым мен 2 шілде аралығында жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, партиялық таңдауын әлі айқындамағандардың үлесі 22,6%-ды құраған. Еуразиялық интеграция институтының алғашқы өлшеуінде бұл көрсеткіш 14,2%-ға дейін төмендесе, ҚҚДИ телефон арқылы жүргізген сауалнамада – 10,9%-ға, Еуразиялық интеграция институтының екінші зерттеуінде – 8,4%-ға, ал Қоғамдық саяси институтының соңғы өлшеуінде 5,3%-ға дейін төмендеген. Осылайша, бірінші өлшемнен соңғы өлшемге дейінгі аралықта партиялық таңдауын әлі жасамаған сайлаушылардың көрсеткіші 17,3 пайыздық тармаққа, яғни төрт еседен аса төмендеген. Бұл динамика дауыс беру күнінің жақындауы, қоғамдық хабардарлықтың артуы және партия, ақпарат, сондай-ақ үгіт-насихат науқанының күшеюімен байланысты сайлаушылар қалауының біртіндеп нығая түсуін көрсетуі мүмкін.

Халықтың хабардарлық деңгейінің жоғары екенін қарастырып отырған соңғы өлшемнің нәтижелері де растайды. Қоғамдық саяси институтының

мәліметіне сәйкес, респонденттердің 89,4%-ы тамыздың 23-і өтетін сайлау туралы хабардар. Олардың 55,2%-ы сайлау туралы ақпаратты жақсы біледі, ал 34,2%-ы сайлау өтетіні туралы естігенімен, егжей-тегжейлі ақпараттан хабардар емес.

Сонымен қатар азаматтардың таңдауына әсер ететін факторлар да әртүрлі. Қоғамдық саяси институтының зерттеуіне сәйкес, респонденттердің 44,4%-ы өзінің партиялық таңдауын жасауда олардың бастамаларының оң бағалануын басшылыққа алса, 29,2%-ы өзін осы партияның жақтаушысы деп санайды, 25,3%-ы Қазақстанның болашағын өзі таңдаған партиямен байланыстырады, ал 14,7%-ы партияның сайлаушылармен өзара іс-қимылына назар аударады.

Сараптамалық пікірталастар барысында қоғамдық көңіл күй мен электоралды мінез-құлық, науқанның өңірлік ерекшелігі, партиялар арасындағы бәсекелестік, теледебаттар, цифрлық коммуникациялар, сондай-ақ азаматтардың таңдауына әсер ететін факторлар қарастырылды.

Қазіргі сайлау науқаны жаңа Конституцияның қабылдануы және өкілді биліктің жаңа архитектурасының қалыптасуынан кейінгі айрықша саяси контексте өтіп жатыр. Сондықтан азаматтардың сайлауға қатысуға деген ниетінің тұрақты түрде жоғары деңгейде болуын жаңа Құрылтайға және елдегі саяси трансформацияның одан әрі жалғасуына қатысты қоғамдық күтулер тұрғысынан да қарастыруға болады. Соңғы бес жылда Қазақстан бірнеше сайлау науқанын және жалпыұлттық саяси рәсімдерді бастан өткерді. Сайлаушылардың еркіне тұрақты түрде жүгіну азаматтардың саяси үдерістерге тікелей қатысу тәжірибесін біртіндеп орнықтырып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Құрылтай сайлауы кезекті электоралды науқан ғана емес, азаматтардың саяси үдерістерге қатысуы, партиялар арасындағы бәсекелестік, бұқара пікірталастар және саналы электоралдық таңдау барған сайын маңызды мәнге ие болатын жаңа саяси мәдениетті қалыптастырудың маңызды кезеңіне айналады. Жазғы кезеңге қарамастан, барлық жеті зерттеудің дерегі 23 тамызда электоралды белсенділіктің айтарлықтай жоғары болатынын болжауға негіз береді. Бұл ретте соңғы екі айдағы негізгі өзгеріс – сайлауға қатысуға деген мәлімделген ниеттің артуы емес (ол бүкіл кезең бойы жоғары деңгейде сақталды), партиялық таңдауын әлі жасамаған азаматтар санының едәуір қысқаруы. Сайлау жақындаған сайын электоралды ахуал да айқындала түсуде.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

«ҚҰРЫЛТАЙ LIVE» ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Белгілі журналист Абай Сейфулла пікірлес командасымен бірге жаңа бірпалаталы Құрылтай депутаттарының алдағы сайлауына арналған бірыңғай ақпарат ресурсын іске қосты. «Құрылтай LIVE» платформасының басты ерекшелігі – онда Құрылтай сайлауына қатысты барлық ақпарат жинақталған. Соңғы жаңалықтар, сарапшылардың пікірлері мен теледебат материалдарынан бастап дауыс беру тәртібі мен сайлау учаскесін іздеуге дейінгі мәліметтерді осы жерден табуға болады.

Абай Сейфулла – сайлау науқанын жариялап, Құрылтай депутаттығына кандидаттар мен тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен подкасттар өткізетін Abay Live YouTube-арнасының авторы. Платформада сайлау науқанының барысы туралы жаңалықтар, сараптамалық пікірлер, әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері, сұхбаттар, подкасттар және басқа да ақпарат алаңдарында

жарияланған материалдар орналастырылады. Қолданушылар дебаттарда қандай мәселелер талқыланатынын, саяси партиялар мен кандидаттардың не ұсынатынын біле алады, сондай-ақ қоғамдық пікірді зерттеу нәтижелерімен таныса алады. Сайттағы ақпарат күн сайын жаңарып отырады.


«Сайлау туралы» деген жеке бөлімде сайлау процесі жөніндегі негізгі

мәліметтер жинақталған. Онда саяси партияларды тіркеу, кандидаттардың саны мен құрамы, сайлау науқанының кезеңдері және сайлауды бақылау туралы ақпарат бар. Сайтта жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар да ұсынылған. Азаматтар дауыс беру үшін қандай құжаттар қажет екенін, шетелде қалай дауыс беруге болатынын, қосымша ақпарат алу үшін қайда



жүгіну керектігін және өз сайлау учаскесін қалай табуға болатынын біле алады. Осылайша, «Құрылтай LIVE» Құрылтайға алдағы сайлау ту-

ралы жаңалықтарды, сараптамалық және практикалық ақпаратты бір алаңға біріктіреді. Жобаның сайты: qurultai.live/ru



Туғанына 120 жыл толып отырған К.Мыңбаевтың осы саладағы ашқан ғылыми жаңалықтары, еңбеккорлық, ізденушілік ерекшеліктері ғылыми ортада жоғары бағаланады. Кәрімнің бұл жерде ғылыми жұмыстарын одан әрі қарай жалғастыруына Ұлы Отан соғысының басталуы бөгет жасайды. Ел басына түскен осынау ауыр шақтарда ол Ленинградты қорғаушы халық жасағы қатарында болады, әскерге алынады. Дегенмен, соғысқа қажетті резина пайдаланатын техникалық құралдардың көптеп шығарылуы, каучукке деген сұранысты еселей арттырады. Соған байланысты оның жасау тәсілдерін жақсы білетін (көксағызды зерттеген) Кәрім Мыңбаевты шұғыл түрде әскерден босатып, елге қайтарады. Кәрім Мыңбаевты Сталинның өзі Кремльге шақырып, өңгіме өткізген деген дерек бар.

Сол қабылдаудан соң 1942 жылы Қазақстанға оралған Кәрімді Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары етіп тағайындады.

Сол тұста еліміздің ауыл шаруашылығын ғылыми негізде қайта құру үшін бір ғылыми орталық құрып, әр сала бойынша ғылыми зерттеулер институттарын ашу қажеттілігі туындайды. Сондықтан, соғыстың қауырт кезеңіне, елдегі қиыншылық пен тапшылыққа қарамай, 1944 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалы ашылып, оның президенті мының тұңғыш төрағасы болып К.Мыңбаев тағайындалады.

Жаңадан ұйымдастырылған филиалда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге білікті мамандар қажет болады. Кәрім ағамыз әуелгі кезекте келешегі бар А.Е.Елеманов, М.А.Ермеков, В.А.Бальмонт, Ю.Н.Барминцев сияқты ғалымдарды сырттан тартады.

Мыңбаевтың қажырлы еңбегі, іскерлігі, үлкен абыройының арқасында қазақстандық филиал қарамағында аз уақыттың ішінде 4 ғылыми-зерттеу институты, 8 тәжірибе станциясы, 13 тәжірибе алаңы ұйымдастырылып, ғылыми тақырыптық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Кейіннен заман жақсара келе ауыл шаруашылығының әр салалары бойынша, әр түрлі табиғи-климаттық аймақтарда жаңадан институттар қатары өсіп, жемісті жұмыстар күні бүгінге дейін жалғасуда.

Сонда мынадай екі құжатқа тап болады. Оның біріншісі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1948 жылғы 22 тамыздағы №651 қаулысының көшірмесі. Онда Бетпақдала, Сарыарқа өңірін шаруашылыққа пайдалану үшін, зерттеуді Орталық Үкімет арқылы ГУЛАГ-тың Қарлаг бөлімшесіне тапсыру жайлы өтініш жасалған. Әрине мұндай мәселені көтеріп, шешу жолдарын қастыру К.Мыңбаевтың бастамасы екені сөзсіз. Бетпақдаланы зерттеуге Қарлагты тарту жөніндегі ұсыныстың түсу себебі, онда әртүрлі себептермен ауыл шаруашылығы

ҚАЗАҚ АГРОҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Аграрлық ғылымның негізін қалаушы, ұлтымыздан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) академигі, оның Қазақ бөлімшесін ұйымдастырушы әрі тұңғыш төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, республика Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарған Кәрім Мыңбаевтың елі үшін сіңірген еңбегі ерен.



Суретте: Ахмет ДАУЫЛБАЕВ ҚазКСР ауыл шаруашылығы министрі (1947-1952). Жұмабай ШАХМЕТОВ, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы (1946-1954). Кәрім МЫҢБАЕВ, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) академигі. Ахметбек ҚЫСТАУОВ ауыл шаруашылығы саласының білікті ұйымдастырушысы. Қылыш БАБАЕВ, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

саласының айтулы ғалымдары айдауда болған. Сонымен қоса, бұл жазалау орнының түрлі зерттеулер жүргізуге қажет жақсы жабдықталған зертханасы да бар еді.

Осы мәселе оң шешілген соң, Қарлагтың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Д.Смирнов бастаған экспедиция бұл аймақта екі жыл үзбей жұмыс жасаған. Олар өңірдің рельефін, топырағын, ашық су көздерін, көлемдерін, химиялық құрамын, мал азықтық шөптердің түрлерін, өсіп-өнуін зерттеген және мерзімдік ылғалдың түсу ұзақтығын, көлемін анықтаған.

Көкең сол өңірдегі Шортанды астық шаруашылығы тәжірибе станциясының жұмыс бағытын, көлемін зерделеп, зерттеулерді қайта қарап, тиісінше түзетулер енгізіп, жаңа бағытар белгілеген екен. Оған осы саланың айтулы мамандарын тарту ісіне қатысқан. Егін шаруашылығының селекционер-ғалымдары «халық жаулары» Л.Зайцева мен В.Кузьминді жазасын аяқтатпай, Қарлагтан босаттырып, олар осы станцияда жаңа ғылыми жұмыстарын жалғастырған. Бұлар астық тұқымдарының жаңа мол өнімді сорттарын шығару және өнім алудың толық агротехникасын жасағаны үшін кейіннен Лениндік сыйлықтың лауреаттары атанғаны туралы ғалым Хайдар Арыстанбековтің естелігінде келтірілген.

Ерте уақыттарда Арқа жұрты

малдарына қысқы мал азығын дайындай алмайтындықтан, Бетпақдала арқылы күздің жауын-шашыны кезінде Шу, Мойынқұм өңіріне айдап апарып, қыстатып, көктемдегі қар суымен жазғы жайлауға оралту ежелден қалыптасқан тіршілік дәстүрі болатын. Осы әрі-бері көшуде, кейде ауа райының бұзылуы салдарынан жолда мал көп шығынға ұшырайтын. Кәрім Мыңбаев туған елінің патриоты, шынайы ғалым ретінде халқын осы сан ғасырлық азаптан құтқару ісіне көп мән береді. Бұл жұмысты алғаш рет өзі бастап, әртүрлі мамандардан тұратын экспедиция ұйымдастырып, аймақтың өсімдіктер әлемін, ашық су көздерін, мерзімдік азықтық қорларын зерттеп, соңынан 1948 жылы «Бетпақдала шөлі» атты монографиясын жазады.

Академик Кәрім Мыңбаев бастаған алғашқы ауыл шаруашылығы академиясы 1944 жылы көшпелі мал шаруашылығы технологиясын (жайлау, қыстау) еңгізуді қолға алып, зерттеу жұмыстарына кірісіп те кеткен еді. Бірақ бұл ескіні көксеу, колхоз, совхоздарда малды, елді шоғырландыруға, бекітілген колхоз жерінен шықпауға қарсы әрекеттер деп түсіндіріліп, Мәскеуден бастап қарсы жұмыстар жүргізіле бастады.

Алайда К.Мыңбаев салып кеткен сара сол өз мақсатына жетті. Академик Кәрім Мыңбаевтың Бетпақдала, Мойынқұм,

Сарыарқа, Шу, Сарысу арасын гүлдендіріп, төрт түлік малға толтырам деген асқақ арманы орындалып, қаншама совхоз, колхоздар, үлкен-кіші шаруа қожалықтары ашылып, жаңа мұғалжар жылқы тұқымы, сарыарқа зауыттың түрі, еділбай қойының қызылтау, сарыарқа түрлері мыңғырып көбейді. Қаншама асыл тұқымды айғырлар, қошқарлар Қазақстанның түкпір түкпіріне таралды. Сарыарқа айғырлары Мескер, Маупас, Мерген, Меймандар республикалық Алматыдағы, бүкілодақтық Мәскеудегі көрмелердің чемпиондары болды.

Көшпелі мал өсіру технологиясы өзінің пайдалы екенін 90 жылдарға дейін дәлелдеп келді. Жамбыл облысы (Мойынқұм) мен Қарағанды облысы (Бетпақдала, Сарыарқа) малшылары аралас-қоралас жайылымдарды бірге тиімді пайдаланып жүрді. Оған куә қаншама малшы Еңбек Ерлері шықты. Ал Жазылбек Қуанышбаев екі мәрте Еңбек Ері атанды.

Кәрім Мыңбаев туған елінің патриоты еді. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясы Қазақ филиалын басқарғанда жоғарғы лауазымдағы адамдардың 80% жергілікті ұлт өкілдерінен болды.

Мұхтар Әуезов кеңестік билік тарапынан шетқақпайлыққа түсіп, тағдыры қыл үстінде жүрген кезінде, осыған байланысты оның 50 жылдығы ел көлемінде

еленбей қалғанда, партиялық биліктен ешбір сескенбестен 1947 жылы Қаскелеңде өздеріне қарасты шаруашылықта аттаптырып, шағын той жасап, Мұханның иығына шапан жауып, астына ат мінгізіп құрмет көрсеткен де Кәрім Мыңбаев еді.

Кәрім Мыңбаев 1948 жылы 30 қыркүйекте Мәскеуге іссапармен бара жатқан жолда ұшақ апатынан кенеттен қайтыс болды. Онда ағамыздың үзеңгілес серіктері, сол кездегі ауыл шаруашылығы саласындағы білгір маман ғалымдар: Қылыш Бабаев, Сапар Нұғыманов, Хасен Наурызбаев бірге көз жұмды. Осы ұшақ апаты жайында қауесет халық арасында кезінде кеңінен тараған. Бірқатар адамдар мұны орталықтың ырқына көп көне бермеген Кәрім Мыңбаев секілді қазақтың тұлғасына әдейілеп істелген қастандық деп есептейді. Атақты жазушымыз С. Мұқановтың естелігінде мынадай жолдар бар: «Бір күні маған Ғ.Мүсірепов телефон шалып, кешке қонаққа шақырды. Барсақ Кәрім отыр екен. Ол алдағы таңда Мәскеуге Т.Д.Лысенконың 50 жылдық мерейтойына бір топ қазақ ғалымдарымен ұшпақшы екен. Көнілді кеш аяқталғанда, мен Кәрімнен Мәскеуде оқып жүрген екі ұлыма сәлем-сауқат ала кетуін өтіндім. Келістік. Аэропортқа таң атпай бардым... Кәрім балаларымен және мен жырағеырақ жерде самолетке ұшатындармен бірге бардық. Самолетке мінгеннен кейін Кәрім тысқа шығып, Темірін тағы да құшақтап, көтеріп, құшырлана сүйді.

– Мұның не, соншама бала-жансып?! – дедім мен. – Кім біледі, – деді Кәрім. – Соңғы сүюім болуы ғажап емес! – Айтпа жаман сұмдықты! (С.Мұқанов. Толық шығармалар жинағы. 13- том).

Ертеңіне сол самолет Балқаштан шыға беріп 15 минуттан соң, апатқа ұшырады. Қазақ ауыл шаруашылығы Кәрім Мыңбаев бастаған төрт ірі ғалымынан айырылды. Мемлекеттік комиссия ұшақтың апатқа өздігінен ұшырамағандығын анықтады. Зиялы қауым мұны ғалымға жасаған тікелей қастандық екенін іштей білген, бірақ жұмған ауыздарын ашуға қорыққан. Содан былай ғалымдар оның еңбектері жайлы мандытып ештеңе жазбаған. Олардан қалған соңғы көз (бүгінде о дүниелік) замандасы, академик Хайдар Арыстанбеков ел тәуелсіздігін алған соң, қартайған шағында ұшақ апатының мән-жайын былай деп еске алады: «Жарылыс сонша күшті болғандықтан ондағы опат болған адамдардың ешбірін тануға болмады. Кәрімді әйелі костюмінің бір жапырақ жыртындысынан және ондағы түймесінен таныған. Сондықтан, барлық мүрделерді біріктіріп, Алматыдағы Ташкент мазарына жерлеген».

Сөйтіп, халқымыздың аяулы

азаматы, ұлтының жанашыры, желдің өтінде, суықтың бетінде тұрған қимасынан айырылған. Соңғы сапар, бақилыққа елімен бірге қазақ зиялылары, аза тұтып қайғырып, бірінен соң бірі зират басында егіле сөйлеп, шығарып салады. Академик Қаныш Сәтбаев ағамыздың: «Кәрім, сен жас кетіп барасың. Сенің өлімің біз үшін де, ел үшін де ауыр қаза. Мезгілсіз кеттің-ау, Кәрім! Жолдастар, Кәрімдей адам өмірге жүз жылда бір-ақ келеді», – деп қамыға көзін сүртіп, мінберден сұры қашып түскені Гүлбаһрам Серікқызы Мыңбаеваның «Ағам есіме түссе кеудемді өксік қысады...» атты естелігінде жазылған.

Жұмбақ жағдайдағы ер қазасы еліне қатты батқандығын халық батыры Бауыржан Момишұлы қабір басында ашық айтқан.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі, 1948 жылы 7 қазанда марқұмдардың зиратына ескерткіш қойылсын деген қаулы алғанымен, бұл шешім 1956 жылға дейін орындалмапты. Ол тек кейінірек Хайдар Арыстанбековтің республика басшылығының алдына қойған талабы арқылы ғана жүзеге асады.

Кәрім Мыңбаев қысқа ғұмырында 200-ден аса ғылыми мақала мен екі кітап жазып қалдырған. Қазақ зиялылары өздерінің естеліктері арқылы Кәкеңнің сегіз қырлы, бір сырлы жан екенін бізге жеткізе білді. Ол ұлттық өнерді сүйген, қадірлеген және жүрген ортасында үнемі насихаттаған, ісімен көрсеткен адам болатын. Өзі де жақсы домбырашы, әнші, аңшы және қазақ тарихын, әдебиетін, мәдениетін жетік білген жан еді. Осыншама қасиетті бойына сіңірген тұлғаның Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылымына сіңірген еңбегін, біздің ойымызша, мынадай бір ауыз тұжырыммен түйіндеп айтуға болады. Академик Қаныш Сәтбаев елімізге жер асты қазынасының алғашқы кілтін ұстатып кетсе, жер беті байлығын ғылыми негізде игерудің іргетасын Кәрім Мыңбаев қалады. Сондықтан, оны қазақ ауыл шаруашылығы ғылымының атасы деп атауға болады. Небәрі 20 жылдың ішінде (1928-1948 жж.) мектеп оқушысынан одақтық академикке айналуды, елімізде ауыл шаруашылығы ғылымының негізін қалаған айтулы ғалым деңгейіне дейін көтерілуі осының жарқын мысалы.

Сондықтан, ел алдында еңбегі зор біртуар тұлғаны есте қалдыру үшін оның жазған еңбектерін, істерін, ол туралы естеліктерді кітап етіп басып шығару қажет. Сонымен қоса, Астана, Қарағанды қалаларына және өзі көп шәкірт дайындаған Алматы аграрлық университеті алдына ескерткіш орнатып, үлкен көшелердің біріне атын беру орынды болар еді демекпіз.

Набиудулла КИКЕБАЕВ,
ҚР Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Мұғалжар жылқы тұқымының авторы

ЖОЛ ОЙЫН АЛАҢЫ ЕМЕС

Астанада бүлдіршіндерге жол қозғалысы ережелерін үйретуге арналған «Жол ережесін білейік!» атты танымдық іс-шара өтті. «Керемет» балабақшасында ұйымдастырылған шараға 2-5 жас аралығындағы тәрбиеленушілер, педагогтер мен арнайы мамандар қатысты.

Іс-шараны «Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» мен «Керемет» балабақшасы бірлесіп өткізді. Кездесуге Алматы ауданының

Патрульдік полиция инспекторлары да қатысып, бүлдіршіндерге көшеде жүрудің негізгі талаптарын түсіндірді. Балаларға бағдаршамның түстері,

жаяу жүргіншілер өткелі мен жол белгілерінің мағынасы таныстырылды. Мамандар жолдан өту кезінде жан-жаққа қарау, белгіленбеген жерден көшені кесіп өтпеу және ересектердің көмегіне жүгіну керектігін айтты. – Тақырыпты балалардың жас ерекшелігіне сай меңгерту үшін түрлі ойындар мен танымдық тапсырмалар ұйымдастырылды. Бүлдіршіндер жол белгілерін ажыратып, бағдаршам түстерін атады, сондай-ақ қауіпсіздік

ережелеріне қатысты сұрақтарға жауап берді. Патрульдік полиция инспекторлары балаларға жолдағы тәртіптің маңызын түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде сақтаудың қажеттігін атап өтті. Балалар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, полиция қызметкерлерімен еркін әңгімелесті, – деді Балаларға қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығының әдіскері Айнуір Әмірханова.

Іс-шара «Заң мен тәртіп» идеологиясын нығайтуға, балалардың бойында қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға және жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жол қауіпсіздігі туралы білімді балаға ерте жастан үйрету маңызды. Себебі көшеде өзін дұрыс ұстау дағдысы баланың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

Қош, ақын «Ақ батпырауық» кітабын «Ақ батпырауық» атты өлеңмен бастаған. Суреткердің ол шешімге тоқталуында өзінше бір мән болмаққа керек. Алдымен батпырауық туралы бір сөз. Әлемде батпырауық ұшырумен аты шыққан ежелгі елдер ішінде қытайлықтардан өзге де көптеген көне жұрт бар. Сондағы батпырауық жасап ұшырудың барлығының символизмдік мақсатты қиянамасы – «әуеде қалықтап ұшу». Ал, қазақ батпырауығы – жербетіндік барша тіршілік иелерін өзінің жасампаз ақ Нұрымен жаралтушы-таралтушы, қайыра Өзіне оралтушы Жұмақ Күн-Құдайдың символдық бір белгісі. Демек, батпырауық жасаудағы инженериялық бағзы жаңалық – байырғы қазақ бабаларымызға тиесілі десек қателеспеспіз. Ал, Жаратушы Күн хақында әулие Шаһ-Керім қалдырған көркем формула: «Күн – Атам, анық, Жер – Анам».

Бізге сондағы маңыздысы – табиғатынан ақын ата-бабаларымыздың көркемфилософиялық мына конструкциясы:

Күн – «батпырауық», Күн нұры – «батпырауық жібі».

Сөз мәнісін білетіндерге ол белгінің сакральды бағзы мағынасын бүлінгі «Батпырауық» (Бат + п + Ра + уық) сөзінің Бәт Ра (жайнаған Жұмақ Күн-Құдай) түпнұсқасының өзі де айқын айтып тұрады. «Бәтра-ау» (Бәтір-ау) сөзінің «Құдай-ау» дегенді білдірмегі де содан.

Қазақ дүниетанымында Күннің көне «Ра» [Үр (Жұмақ-Күн) атауының толықшаланан метатезаланған үлгісі] атауы негізінде қалыптасқан гелиопарадизонимдер өте көп. Солардың бір парасы: Жарық-Ра, Шаш-Ра, Жам-Ра, Біт-Ра, Бақ-Ра, Ман-Ра, Қам-Ра, Қош Ра, Жай-Ра. Олардың ішіндегі ең әйгілісі – Жаратушы Ра. Бүлінгі бір үлгісі: «Заратуштра».

Кім біледі, бір заманда біздің арғы ата-бабаларымыз бала кездерінде сол «Жаратушы Ра» атты Күн-Құдайдың құрметіне де арнайы батпырауық ұшырған болар-ау!..

Жа, «Ақ батпырауық» өлеңінің түйінін түсінуге тырысайық:

... Түсімде ұштым көп, өзімді босатым,

Түсіне елітіп гүл-кемпірқосақтың. Түсімде кездестім балауса кезіммен.

Өнімде кездестім ертеңгі өзіммен! Ұмысқан ғаріптей нұрына жарықтың, соңынан жүгіріп ақ батпырауықтың

Әрине, «алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, көркем де көсем ойлау жағынан ақындар да әр алуан. Солардың ең мықтыларының өлеңдеріндегі әр жолдың өзі бір немесе бірнеше образбен құбыла құлпырып тұратын қасиетке ие. Кей ақындар ондай образдарды – ұйқасты қара сөз тәсілімен де беруге өте шебер. Маралтай ақынның жоғарғы өлең жолдарындағы соған ұқсас тәсілдерінің жасырын өнегесі тайға таңба басқандай санаға жарқын көрінеді.

Мәселен, бірінші жол: «Түсімде пенделік тірліктің құлдық тартылысынан құтылып, үнемі еркін парлаумен болдым!».

Екінші жолдағы «гүл-кемпірқосақ» – «Жұмақ-Күннің гүл аңқыған жасампаз нұрлары». Үшінші жолда гипоксияға еш қатыссыз сондай левитациялық



«АҚ БАТПЫРАУЫҚ» ҚҰПИЯСЫ

Ақын Маралтай Райымбекұлының «Ақ батпырауық» атты жыр кітабын оқуды бас-тамас бұрын, «Алғысөзіне» мұқият назар аудардық. Авторы – қазақтың мықты философ-ақыны Ерлан Жүніс. Өз туындысында ол аталмыш жыр жинағының рухани архитектоникалық тұтас маңызын экзистенциалистік көзқарас тұрғысынан тамаша талдап берген. Оны оқи қалған қайбір зерделі оқырманның аталмыш кітап идеясын демде ұғып алғандай бір разылық хәл кешеріне біз еш шүбәланбаймыз. Сондықтан ол «Алғысөзден» кейін «Ақ Батпырауық» кітабы туралы жаңаша пікір айтудың кім-кімге де оңай бола қоймасын және сезінеміз.

көрініс – жербетіндік ешқандай заңдар мен заңдылықтарға бағынбайтын бала-лық құс-көңіл.

Төртінші жол – арқалы ақынның «Өлең» деп аталатын магиялық әлем ішінен болашақты танып-білу көріп-келдігі.

Бесінші мен алтыншы жолдар былай дейді:

«Батпырауық»-Күннің информациялық құпия желісіндегі бір тал нұрынан («батпырауық жібінен») ұстап алып, Түп Құдайдың құдыреттілігінің сырын білмекке дедектеп барам!..».

Ол «дедектеудің» мақсаты – пайғамбар Абайдың «Жүректің Көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі» хикметі.

Қалай десек те, «Ақ батпырауық» өлеңінің сол алты жолынан-ақ «Ақ батпырауық» атты тұтас жыр кітабының мазмұндық коды пен автордың бақсылыққа ұқсас ақындық кредосы анық көрініс береді. Жыр кітабында аталмыш өлеңнің бірінші болып тұруы да сол себепті деген ойдамыз. Мысалы, ондағы «дедек» пен «гүл-кемпірқосақ» «Түнгі жолаушы» өлеңінде былайша құбыла тағы бір жарқ ете түседі:

... Бұрылып артқа қарадым, Көңілді көктем босатты. Қалдырып кетіп барамын Гүл менен кемпірқосақты...

Немесе, «Әуре» өлеңінде тағдыр жазуы «... тағдырым мені кімге байлап еді, жетелеп бара жатыр қайда мені?!» деген өксік түрінде оқыс оқыла кетеді

де, «Соңғы хабар» өлеңінде ақынның тұмақ пен өлмек арасындағы зор сеніммен өткеруі тиіс бүкіл адал тұмырының пешенелік жазуы бір-ақ шумақ аясында түйінделе қалады:

Тірілер түсінбеді айтқанымды, Жалғанда жаным кешкен жәйтқанымды... Көргенде танымай ма Тәңір өзі Кім болып келгенім мен қайтқанымды! Маралтайдың «Мәңгі өмір» атты өлеңіндегі мына бір көркем тұжырымды да жоғарыда талданған «батпырауық жібі» түріндегі Күн нұрының періштелік кезекті нышаны» деуге болар: «Бұл өмірдің несі қызық, өлмесең!», Қожанасырлық пайымға да, албастық (пайғамбарлық) аянға да ұқсас бір-ақ ауыз Сөз! Біреуге түсіндіріп айтпақ болсаң, мағыналық қасиетін қашырып аласың! Мысалы, «Қорқынышты уақыт» өлеңіндегі «Құдай да мендей ақын шығар...», «Триумф» өлеңіндегі «Өзімді өзім жеңдім – жеңілдім де», «Топырақ» өлеңіндегі «Жұмыртқадай шексіздікті шайқаған Арсыдағы үр тылсымды байқағам», «Үрнама» өлеңіндегі «Қалт тоқтадым... қапыда, Хақ нұрынан қымсынып!», «Ажал» деген өлеңіндегі «Мен ажалдың моласының басында өніп тұрам бір түп қара жусан боп», «Күбір» өлеңіндегі «Періштем күбірлейді ішімдегі, өнімді жорып беріп түсімдегі...» сынды сандаған әвтерпалық информациялардың қай-қайсысының да

интерпретациялық көпқырлы көсем сырын танып-білу оқырман қауымға оңайға соқпасы белгілі. Алайда әулие Мәшһүр Жүсіп айтпақшы, «Сөз мәнісін білетұғындар айнала тұра қалып, онан бір мағына таратып алғанша шыдамай асығып, ынты-көңілі соны білмектің, оқымақтың соңында болады».

Шіркін-ай, өз Елін ақындардай алғаусыз сүйетін қазақ көп болса етті! «Әр қазақ – менің жалғызым!» дейді егізқояншекелі Басына алтын дулыға іздеген ақын Сабыр Адай! Туған Елге деген махаббатты одан артық бейнелеп беру, әй, мүмкін емес-ау! Ал, Маралтай қазағына деген махаббатын бір-ақ шумаққа сыйғызған. Философиясы – мыңшумақтық:

Бір ел бар – қазақ деген, сүйемін мен, Ол отқа жақындаса, күйемін мен. Ойласам сол халықтың болашағын, Сорғалап жас тамады иегімнен!..

Былай қарасаңыз, соның өзі халқын жақсы көретін қатардағы бір пенденің боркеміктік зары ғана секілді: «Сорғалап жас тамады иегімнен!...». Яғни, «көзден аққан сора иектен сорғалайды».

Ақынның Елін сүйгендегі Ой-сезімі шынында да соншалықты жайдақ па еді? Әрине олай емес. Себебі, өлеңде қазақ дүниетанымындағы қасиетті «Иек» ұғымы қолданылып тұр. Ол жай иек емес, халықтың болашағын ойлағанда егіле еңірейтін ерекше иек!

Кеудеден соңғы дем шығарда «қағылар иек» қана солайша еңірейді! Мейлі ол иектің еңіреуі қуанышты жағдайға немесе қайғылы жағдайға байланысты болсын, бәрібір, Ақынның Еліне деген жанпидалық алапат сезімі ғана иекпен солайша сұрапыл сөйлейді!.. Ақынның ондай құпиялы өлеңдерінің мистикасын эрудиті ерекше оқырмандар бізден де артық түсінеді.

Әлбетте, газет редакциясының рұқсатына сай көлемде жазылған шағын мақаламызда біз ақын творчествосы жөйлі жарытып ештеңе айта алмайтынмызға өкінеміз.

Даусыз бір мәселе: Маралтай Райымбекұлы – өткен ғасырдың соңын ала, Қазақ Поэзиясына өзінше құбылыс болып келген дара талант иесі. Биыл Мемлекеттік сыйлық бәйгесіне түскен «Ақ батпырауық» жыр жинағы да – сол айырықша мәртебені растап, Өлең-шөп пен Өлең-Сөз аңқып жатқан айырықша туынды. «Екі Дүниені еркін кезіп кететін кентаврлық поэзия» да – осы Маралтай поэзиясы. «Оның «адамдығы» о Дүние құпиясына көз жүгіртсе, «жануарлығы» бұ Дүниенің құпиясына құлақ түреді» десек, ол марапат та Маралтай ақынның маңғаздығына жарасады.

Сөз соңында «Ақ батпырауық» авторының виртуоз домбырашылығын да, керім мүсіншілігін де, кәсіби суретшілігін де қоса атап айтсақ артық болмайды. Соған орай, ақынның «Палитра» атты өлеңін де қайыра оқып шығуды жөн көрдік. Ондағы музыкалық сиқырлы иірімдердің һам алуан бояулар мен образдардың ортақ жұпар гармониясын сүйікті «Астана ақшамы» газетінің оқырмандары да патша-көңілмен бағалай жатар.

Бояу көшіп кете ме деп бояуға, Тылсымға бойлаған. Ақ кенепке ақ бояуды қоярда Ұзағырақ ойланам. Жасыл бояу жан рахаты емес пе, Сары түстен жаралған. Жасыл аспан, жаңа туған нәресте, Раушан гүлден нәр алған. Асыл-ғасыл, асыл-пасыл, асыл-ды Теріс, оңға сызылған... Қосып, қайта бөліп алам жасылды Қара түс пен қызылдан. Қара түсте тұңғыық бір мұрат бар, Көңілменен көретін. Қара түннен шауып шыққан пырақтар Қоңыр үнді беретін. Қоңыр бояу, алқара көк кеңістік, Рауандап тұрады. Алтын алқап, шалқып жатқан егістік, Танауға дым ұрады. Әрі-бері ағып жатқан сүрендер нұрын алып көзімнің, Астан-кестен араласқан рендер Тағдырымдай өзімнің. Солай болған менің ішкі түр-өңім, Құдай өзі берген де, Мың бояудың, миллион түсті реннің Құпиясы зердемде. Айтып болмас дұғасындай дуаның, Көтерілер ақ-сұр ән. Қай бояудан қандай түстің туарын Тәңір маған тапсырған. Жас түлектей зау биікте шайқаған, Шабытыммен асқақ ең. Тәпсірлесем дүниені қайтадан, Қара түстен бастар ем.

Қайда менің қаламым?!..

Тыныштықбек ӘБДІКӘКІМҰЛЫ, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

Кеше Ұлттық академиялық кітапханада Халықаралық Композиторлар одағының мүшесі, сазгер Мәриям Алғалиқызының «Рухыңмен асқақтай бер, қазақ елі!» кітабының таныстырылымы өтті.

Жаңа басылымға автордың нотаға түсірілген әндері мен жазған өлеңдері жинақталып, қазақ тіліндегі нұсқаларымен бірге ұсынылған. Кітапта сазгердің әр жылдары жазылған музыкалық шығармалары мен поэзиялық туындылары қамтылған.

– Кітаптың соңғы бөлімінде автордың шағын әңгімелері мен «Ақ параққа түскен ой» атты топтамасы беріліпті. Бұрын-соңды таныс емес едім, бұл жолы

кітабы арқылы біліп отырмын. Кітапта Мәриям Алғалиқызының өмірден түйген ойлары, шығармашылық ізденістері мен түрлі тақырыптарға қатысты жеке пайым-пікірлері қамтылған екен. Сәттілік тілеймін, – деді мінбеден сөз алған жыршы-жырау Баянғала Әлімжан.

Жарық көрген жаңа кітапта автордың ақындық және сазгерлік қырлары қатар танылады. Оның шығармаларында ел мен жер,


адам болмысы, руханият, өмір құндылықтары және ұлттық дүниетаным тақырыптары көрініс табады.

Таныстырылым барысында кітаптың мазмұны мен жарық көру тарихы, автордың шығармашылық жолы туралы сөз қозғалып, жинаққа енген шығармалардың ерекшеліктері айтылды. Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, композиторлар мен өнер саласының ма-



мандары, кітапхана оқырмандары және мәдениет пен өнерге қызығушылық танытқан көпшілік қауым қатысты.





№998 (4996) 20/08/2026 Бейсенбі

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

10.08.2026 №510-2794

Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.
- «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «10» 08
№ 510-2794 қаулысына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

- «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 197-62 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымшада келесі мазмұндағы қосымшаға сәйкес реттік нөмірі бар жолымен толықтырылсын:
«

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1687.	21-319-007-1189	Скакова Гульяна Темиртасовна, Талғатбек Айбатыр Серікұлы, Скаков Серік Талғатбекович, Талғатбек Акежан Серікқазы, Талғатбек Айсұлтан Серікұлы, Талғатбек Ақсауле Серікқазы	643	643	Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Шабал Бейсенова көшесі, №16/6 үйі	Жеке тұрғын үйді пайдалану	03.04.2029 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеуші қысқа мерзімді ортақ үлесістік жер пайдалану

- «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 маусымдағы № 510-1618 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:
«Жер учаскенің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:
реттік нөмірі 8-жол «21-320-106-957» деген сандар «21-335-106-995» деген сандармен ауыстырылсын;
«Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:
реттік нөмірі 8-жол «1138» деген сандар «123» деген сандарға ауыстырылсын.
«Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:
реттік нөмірі 8-жол «№128 учаске» деген сандармен әріп «№128А учаске» деген сандармен және әріпке ауысытырылсын.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

16.02.2026 №182-3

Жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Азаматтық қорғау туралы» заңдарына сәйкес, апатты тұрғын үйде тұратын тұрғындардың өміріне төніп тұрған қауіпке байланысты, Астана қаласының әкімі бекіткен 2023–2029 жылдары бұзылуға жататын апатты үйлердің 2023 жылғы 15 маусымдағы тізбесіне сәйкес Астана қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Астана қаласының апатты тұрғын үй құрылыстары бойынша жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай осы шешімге қосымшаға сәйкес жариялансын.
- Осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізе отырып, «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй ин-

спекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ә.Ә. Саипов төтенше жағдайды жою жөніндегі басшы болып тағайындалсын.

3. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы шешімнің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовке жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімінің
2026 жылғы «16» 02
№ 182-3 шешіміне
қосымша

Астана қаласының апатты үйлер құрылысының тізбесі

Р/с №	Апатты үйлер құрылысының орналасқан жері
1.	Астана қ., С. Сейфуллин көшесі, № 18/3 үй
2.	Астана қ., С. Сейфуллин көшесі, № 18/4 үй
3.	Астана қ., С. Сейфуллин көшесі, № 18/5 үй
4.	Астана қ., И. Сеченов көшесі, № 6 үй
5.	Астана қ., И. Сеченов көшесі, № 8 үй
6.	Астана қ., Ә. Молдағұлова көшесі, № 18/2 үй
7.	Астана қ., Ә. Молдағұлова көшесі, № 18/3 үй
8.	Астана қ., Кенесары көшесі, № 19 үй
9.	Астана қ., Кенесары көшесі, № 21 үй
10.	Астана қ., А. Герцен көшесі, № 2А үй
11.	Астана қ., И. Құтпанов көшесі, № 24 үй
12.	Астана қ., Ұланбел көшесі, № 3 үй

13.	Астана қ., Ы. Алтынсарин көшесі, № 14 үй
14.	Астана қ., Ы. Дүкенұлы көшесі, № 3 үй
15.	Астана қ., Ы. Дүкенұлы көшесі, № 5 үй
16.	Астана қ., Атбасарская көшесі, № 1 үй
17.	Астана қ., Абай даңғылы, 87/1 үй
18.	Астана қ., Абай даңғылы, № 87/2 үй
19.	Астана қ., Құсжолы көшесі № 8 үй
20.	Астана қ., Бөгенбай батыр даңғылы, № 54г үй
21.	Астана қ., С. Жүнісов көшесі, № 7 үй
22.	Астана қ., Л. Толстой көшесі, № 5/1 үй
23.	Астана қ., Ж. Досмұхамедұлы көшесі, № 4 үй
24.	Астана қ., Ж. Досмұхамедұлы көшесі, № 8 үй
25.	Астана қ., Ж. Досмұхамедұлы көшесі, № 12 үй

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

10.03.2026 №182-9

Жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Азаматтық қорғау туралы» заңдарына сәйкес, апатты тұрғын үйде тұратын тұрғындардың өміріне төніп тұрған қауіпке байланысты, Астана қаласының әкімі бекіткен 2023–2029 жылдары бұзылуға жататын апатты үйлердің 2023 жылғы 15 маусымдағы тізбесіне сәйкес Астана қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Астана қаласының апатты тұрғын үй құрылыстары бойынша жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай осы шешімге қосымшаға сәйкес жариялансын.
- Осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізе отырып, «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй ин-

спекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ә.Ә. Саипов төтенше жағдайды жою жөніндегі басшы болып тағайындалсын.

3. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы шешімнің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовке жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімінің
2026 жылғы «10» наурыздағы
№ 182-9шешіміне
қосымша

Астана қаласының апатты үйлер құрылысының тізбесі

Р/с №	Апатты үйлер құрылысының орналасқан жері
1.	Астана қ., Бабатайұлы көшесі, № 3 үй
2.	Астана қ., Бабатайұлы көшесі, № 12 үй
3.	Астана қ., Титова көшесі, № 16 үй
4.	Астана қ., Кайыңды көшесі, № 14 үй
5.	Астана қ., Кайыңды көшесі, № 17А үй
6.	Астана қ., Кайыңды көшесі, № 21 үй
7.	Астана қ., Кайыңды көшесі, № 23 үй
8.	Астана қ., Кайыңды көшесі, № 25 үй
9.	Астана қ., Ақтау көшесі, № 7 үй
10.	Астана қ., Алмалык көшесі, № 4 үй

11.	Астана қ., Ауезова көшесі, № 57 үй
12.	Астана қ., Ауезова көшесі, № 57/2 үй
13.	Астана қ., Ауезова көшесі, № 57/3 үй
14.	Астана қ., Алтынсарин көшесі, № 10 үй
15.	Астана қ., Ожкетпес көшесі, № 118 үй
16.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 34 үй
17.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 37 үй
18.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 39 үй
19.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 41 үй
20.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 43 үй
21.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 44 үй

22.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 46 үй
23.	Астана қ., Керегетас көшесі, № 48 үй
24.	Астана қ., Чехоев көшесі, № 13 үй
25.	Астана қ., Чехоева көшесі, № 13а үй
26.	Астана қ., Чехоева көшесі, № 15 үй
27.	Астана қ., Әл Фараби даңғылы, № 49/5 үй
28.	Астана қ., Ж. Досмұхамедұлы көшесі, № 6 үй
29.	Астана қ., Ж. Досмұхамедұлы көшесі, № 10 үй
30.	Астана қ., С. Сейфуллина көшесі, № 24 үй
31.	Астана қ., Желтоқсан көшесі, № 23 үй
32.	Астана қ., Есенберлин көшесі, № 30 үй
33.	Астана қ., Потанин көшесі, № 12/2 үй
34.	Астана қ., Жеңіс даңғылы, № 75 үй
35.	Астана қ., Айманов көшесі, № 11 үй
36.	Астана қ., Бектау көшесі, № 16 үй
37.	Астана қ., Асанқайғы көшесі, № 119а үй
38.	Астана қ., Кентау көшесі, № 2 үй
39.	Астана қ., Кентау көшесі, № 2а үй
40.	Астана қ., Кентау көшесі, № 3а үй
41.	Астана қ., Кентау көшесі, № 10 үй
42.	Астана қ., Күлтегин көшесі, № 44 үй

43.	Астана қ., Ақшағыл көшесі, № 1 үй
44.	Астана қ., Ақшағыл көшесі, № 11 үй
45.	Астана қ., Ақшағыл көшесі, № 13 үй
46.	Астана қ., Ақшағыл көшесі, № 15а үй
47.	Астана қ., Ақшағыл көшесі, № 17 үй
48.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 5 үй
49.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 17 үй
50.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 7 үй
51.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 8 үй
52.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 9 үй
53.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 10 үй
54.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 11 үй
55.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 12 үй
56.	Астана қ., Ынтыалы көшесі, № 15 үй
57.	Астана қ., Т. Шонанұлы көшесі, № 20 үй
58.	Астана қ., Кеншілер көшесі, № 7 үй
59.	Астана қ., Кеншілер көшесі, № 10 үй
60.	Астана қ., Толстой көшесі, № 5 үй
61.	Астана қ., Толстой көшесі, № 7 үй
62.	Астана қ., Толстой көшесі, № 8а үй
63.	Астана қ., Тасқұдық көшесі, № 8 үй

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

19.06.2025 №182-10

Жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Азаматтық қорғау туралы» заңдарына сәйкес, апатты тұрғын үйде тұратын тұрғындардың өміріне төніп тұрған қауіпке байланысты, Астана қаласының әкімі бекіткен 2023–2029 жылдары бұзылуға жататын апатты үйлердің 2023 жылғы 15 маусымдағы тізбесіне сәйкес Астана қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Астана қаласының апатты тұрғын үй құрылыстары бойынша жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай осы шешімге қосымшаға сәйкес жариялансын.
- Төтенше жағдайды жою жөніндегі басшы «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқарма-

сы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Әнуар Әбдіразақұлы Саипов болып тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды өткізуді тапсырсын.

3. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы осы шешімнің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовқа жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Әкім Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімінің
2025 жылғы «19» 06
№ 182-10 шешіміне
қосымша

Астана қаласының апатты үйлер құрылысының тізбесі

Р/с №	Апатты үйлер құрылысының орналасқан жері
1.	Астана қаласы, Бұланты көшесі, № 4 үй
2.	Астана қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі, № 15/1 үй
3.	Астана қаласы, Ә. Молдағұлова көшесі, № 15/2үй
4.	Астана қаласы, Г. Потанин көшесі, № 7/1 үй
5.	Астана қаласы, Г. Потанин көшесі, № 7/2 үй
6.	Астана қаласы, Г. Потанин көшесі, № 7/3 үй
7.	Астана қаласы, Сарыбұлақ көшесі, № 36 үй
8.	Астана қаласы, Сарыбұлақ көшесі, № 38 үй
9.	Астана қаласы, Сарыбұлақ көшесі, № 40 үй
10.	Астана қаласы, Сарыбұлақ көшесі, № 42 үй

11.	Астана қаласы, Сарыбұлақ көшесі, № 44 үй
12.	Астана қаласы, Ы. Алтынсарин көшесі, № 6/2 үй
13.	Астана қаласы, Сарыбұлақ көшесі, № 19 үй
14.	Астана қаласы, Қарталы көшесі, № 30 үй
15.	Астана қаласы, Кенесары көшесі, № 57/1 үй
16.	Астана қаласы, Луи Пастер көшесі, № 73 үй
17.	Астана қаласы, Т. Шонанұлы, № 34 үй
18.	Астана қаласы, Жаңадания көшесі, № 111 үй
19.	Астана қаласы, Нұрлыжол көшесі, № 33 үй
20.	Астана қаласы, Нұрлыжол көшесі, № 35 үй
21.	Астана қаласы, Нұрлыжол көшесі, № 37 үй
22.	Астана қаласы, Көксай көшесі, № 39 үй

«ЖАНАСУҒА ДЕЙІНГІ ПРОФИЛАКТИКА» ТҮСІНІГІ

АИТВ инфекциясының жанасуға дейінгі профилактикасы (ЖДП) – АИТВ жұқтырмаған адамдардың вирустан қорғануы үшін антиретровирустық препараттарды қабылдауы. Бұл алдын алу шарасы жыныстық қатынасқа дейін жүргізілетіндіктен «жанасуға дейінгі» деп аталады. Ал профилактика сөзі инфекцияның алдын алуды білдіреді.

ЖДП-ны тағайындау көрсеткіштері:

- АИТВ-инфекциясының болмауы;
- мүшеқапты тұрақты әрі дұрыс пайдалану мүмкіндігінің болмауы.

Алайда кей жағдайларда клиент мүшеқапты үнемі қолданатынын айтуы мүмкін. Бұл жағдайда онымен:

- жуырма жұққан инфекциялар (ректальды инфекция, сифилис),
 - алкогольдік масаң күйде жыныстық қатынасқа түсу жағдайлары,
 - антиретровирустық терапияны қабылдауға салғырт қайтатын АИТВ-оң серіктес және АИТВ-мен жұқтыру қаупі жоғары басқа да серіктестер туралы талқылау қажет.
- Мына жағдайларда:
- басқа серіктестермен жыныстық қатынасқа түспейтін тұрақты серіктес болған кезде;
 - АИТВ-оң серіктесте емге деген жоғары бейілділік және вирусологиялық жауап (вирустық жүктеме – анықталмайтын) байқалған кезде;
 - мүшеқапты тұрақты түрде пайдаланған кезде ЖДП қажет емес.

Егер клиентке ЖДП қажет болмаса, жағдайдың өзгеруі мүмкін екендігі туралы ескерту қажет!

ЖДП басталғанға дейінгі тексерулер:

- АИТВ-ға антиденелер, HbSg (B гепатиті), C гепатиті вирусына сапалық жиынтық антиденелер, RPR (сифилис), креатинин деңгейін анықтау, үш локустан (несеп жолы, ауыз жұтқынышақ, тік ішек) ЖЖБИ-ге (хламидиоз, микоплазмоз, гонорея, трихомониаз) жағынды алу.

АИТВ инфекциясы анықталған жағдайда ЖДП қолдануға қарсы көрсетілім. С гепатиті, сифилис және басқа да инфекциялар анықталған жағдайда ем қабылдау қажет. Соңғы қауіпті жағдайды еске түсіріп, «серонегативті терезе» – бұл инфекция жұққан, бірақ АИТВ-ға антиденелер әлі түзіліп, тест-жүйелерімен анықталмайтын уақыт аралығы кезеңін ескеру аса маңызды. Қазақстанда 4-ші буындағы тест-жүйелері қолданылады. Сондай-ақ АИТВ инфекциясының жіті сатысының белгісі

болуы мүмкін соңғы кездегі суық тию белгілерін, дене қызуының көтерілуімен жүретін түсініксіз ауыр сырқаттарды бағалау қажет.

Бүгінде ЖДП ретінде келесі препараттар мақұлданған: Тенофовир (TDF) 300 мг, Эмтрицитабин (FTC) 200 мг. Аталған препараттардың барлығы тамақтануға тәуелсіз қабылданады, ал ең жоғары тиімділікті қамтамасыз ету үшін күн сайын бірдей уақытта қабылдау қажет.

Қоғамның теріс көзқарасы мен пациент тарапынан болатын қиындықтар

Қоғамның теріс көзқарасы: ЖДП препараттарын қабылдайтын адам тәуекелі жоғары өмір салтын ұстанады деп есептеледі. Сонымен қатар ЖДП АИТВ инфекциясымен байланысты болғандықтан стигматизацияға (қоғам тарапынан алалауға) ұшырайды, өйткені АИТВ өз кезегінде гомосексуализм, коммерциялық секс және есірткі қолдану сияқты түсініктермен қабылданады.

Пациент тарапынан туындайтын қиындықтар: режимді сақтауға деген төмен бейілділік, ЖДП препараттарын қабылдау аясында медициналық тексерулерден өтуге салғырт қарау, препараттарды дербес қабылдау.

Осылардың алдын алу үшін ЖДП-ға деген бейілділіктің төмендеу себептерін анықтап, оларды жою, хабардарлық деңгейін арттыру және өзара сенім қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізу маңызды.

АИТВ-ның берілуіне қарсы жанасуға дейінгі профилактика өз тиімділігін дәлелдеп, тек медициналық қоғамдастық пен коммерциялық емес ұйымдардың бірлескен әрекеттері ғана ЖДП қабылдайтындарға кешенді көмек көрсете алады. Бұлдайқы кезең медициналық қызметкерлерін және АИТВ инфекциясының профилактикасына тартылған басқа да мамандарды жан-жақты хабардар ету болуы тиіс.

Л. АБИЛОВА,

Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК инфекционист дәрігері

«Астана ақшамы» газеті редакциясының ұжымы Қазтұтынуодағының Астана қаласындағы жоғары колледжінің директоры, осы басылымның тұрақты авторы әрі жанашыры Мырзабек Күжімовке әкесі

Күжімов Төребек Әбдірахимұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



КӨПШІЛІК ТЕАТРДА ТОҒЫСАДЫ

Бүгінде Астананың театр өмірі қаланың мәдени әрі қоғамдық тыныс-тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Күн сайын театр қойылымдарын шамамен 3,4 мың адам тамашалайды. Бұл елордадағы мәдени шараларға келетін көрермендердің үштен біріне жуық. Оның артында жеті театр, ондаған қойылым және қоғамның құндылықтары мен маңызды мәселелерін қозғайтын үздіксіз шығармашылық жұмыс тұр.

Қазіргі таңда Астана қаласының Мәдениет басқармасына қарасты жеті шығармашылық ұжым жұмыс істейді. Олар – Әзербайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры, Музыкалық жас көрермен театры, М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры, «Наз» би театры, Қуыршақ театры, «Жастар театры» және «Қанаттылар» инклюзивті театры.

2025 жылы елорданың мәдениет мекемелеріне 2,8 миллионнан астам адам барған. Орта есеппен күніне 10 мыңға жуық көрермен мәдени шараларға қатысқан.

Бұл жай ғана уақыт өткізудің бір түрі емес. Бұл – таңдау, жауапкершілік және адамдық құндылықтар секілді маңызды тақырыптарды қозғайтын өнерге деген тұрақты қызығушылықтың көрінісі.

Астанадағы заманауи театр әлеуметтік және моральдық мәселелер талқыланатын маңызды мәдени алаңға айналып келеді.

Бұл ретте 2024 жылы құрылған «Қанаттылар» инклюзивті театрына ерекше тоқталған жөн. Театр ерекше қажеттіліктері бар адамдарға сахнада өнер көрсетуге ғана емес, кәсіби актер ретінде өз қабілетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шығармашылық кеңістікке айналды.

Елорда театрлары түрлі байқаулар мен мәдени марапаттарда да жүлделі орындардан көрініп жүр.

«Гауһартас» спектаклі – Umai-2023 ұлттық сыйлығының жеңімпазы.

Ал «Танакөз» қойылымы Ticketon Awards нұсқасы бойынша жылдың үздік спектаклі атанды.

Осылайша Астана біртіндеп Қазақстандағы театр өнерінің маңызды орталықтарының біріне айналып келеді.

Бүгінде театрлар «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы идеологиялық күн тәртібіне де белсенді атсалысуда. Сахнада таңдау, жауапкершілік пен әрекеттің салдары секілді маңызды мәселелер көтерілетін «S.O.S», «Независимые», «Үнсіздік», «Соңғы аялдама» және басқа да қойылымдар көрермен назарына ұсынылып жатыр.

Ал Қуыршақ театры «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық бастамасы аясында балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән беріп келеді. Бұл бағыттағы жұмыс ойындар, қойылымдар және ашық аспан астындағы түрлі форматтар арқылы жүзеге асырылады.

Елорданың театрлары – жай

ғана сахна емес. Бұл – қала тұрғындарының дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырып, мәдени өміріне өзіндік ырғақ беретін маңызды алаң.

Музыкалық жас көрермен театры жаңа маусымын ашып, қазір өнер ошағының негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі, белгілі режиссер, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай Қазақстанның халық әртісі атанды. Театр тарланының төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еңбегі зор екенін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше атап өтті. Ал кеше Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов режиссерге қала әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтауын жеткізді.

Бас қалада ел руханиятын, елорда мәдениетін, театр өнерін өрге бастайтын осындай тұлғалар бар. Табысты бола берсін!

Бетті дайындаған Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

Астана қаласының Мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен Елорда жеңіл рельсті көлік жүйесінің (LRT) «Бәйтерек» станциясында «Тарихтан тағылым, бүгінге тағзым, болашаққа бағдар» фотоқұжаттар көрмесі өтті.



Көрменің басты мақсаты – архив қорларында сақталған тарихи құжаттар мен фотоматериалдар арқылы Астана қаласының қалыптасуы мен даму тарихын кеңінен таныстыру болатын. Осыған орай елорда тарихына деген қызығушылықты арттыру және тарихи мұраны насихаттау дейді ұйымдастырушылар.

– Көрме барысында Астана қаласының өткені, бүгіні мен болашағын қамтитын тарихи құжаттар мен фотоматериалдар көпшілік назарына ұсынылды. Іс-шара барысында «Тарихтан тағылым», «Бүгінге тағзым», «Болашаққа бағдар» атты тақырыптық бөлімдер бойынша Астана қаласының қалыптасу тарихы,

елорданың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы, сондай-ақ қаланың заманауи келбеті мен болашақ даму бағыттары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, іс-шара барысында қазақтың белгілі композиторы Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» және «Айналдым, елім» әні орындалды. Осындай қуатты әндер шырқалғаны елордалық ағайынға жақсы әсер етті, – дейді Астана қаласы Мемлекеттік архиві басшысының міндетін атқарушы Ардақ Мұқаншев.

Фотоқұжаттар көрмесі келушілердің қызығушылығын тудырды. Мұнда елорда тарихы архив құжаттары арқылы дәріптеліп, өткен мен бүгінгі күнді сабақтастырған.

Әлем чемпионатынан оралған елордалық гимнасттарды жақындары мен жанкүйерлері әуежайдан құрметпен қарсы алды. Спортшыларымыз Ақмарал Ерекешева мен №1 ұлттық құрама командамыз Германияның Франкфурт қаласында өткен әлем чемпионатында ел намысын абыроймен қорғады.

АҚМАРАЛДЫҢ ЖЕҢІСТЕРІ АЛДА



Ұршықтармен орындалатын жаттығуда 29,400 ұпай жинап, 5-орынға ие болып, ТОП-5 қатарына енді. Таспамен – 8-орын, ал көпсайыс қорытындысында – 6-орын иеленді.


Командалық есепте Қазақстан құрамасы 266,65 ұпаймен 11-орынды місеп тұтты. Топтық жаттығулардың көпсайысында ұлттық құрама 13-орын көрсетті. Бұл – өткен чемпионаттағы 17-орынмен салыстырғанда жақсы нәтиже дейді мамандар.

Бұл сында Қазақстан намысын №1 ұлттық құрама командамыз Жасмин Жүнісбаева, Аида Хакимжанова, Мәдина Мырзабай, Айзере Нұрмағамбетова, Айзере Кенес және Кристина Чепульская қорғады.

Ақмарал үшін бұл – ересектер арасындағы алғашқы әлем чемпионаты. Ал 2025 жылы юниорлар арасындағы әлем чемпионатында ол 2 алтын мен 1 күміс медаль жеңіп алған болатын.

Биылғы додаға әлемнің 73 елінен 102 спортшы қатысты.

«Әлем чемпионатындағы алғашқы ересектер арасындағы жарысым мен үшін үлкен тәжірибе болды. Жарыс барысында өзіме артылған жауапкершілікті сезініп, бар күшімді салуға тырыстым. Қолдау білдіріп, жанкүйер болған баршаңызға алғыс айтамын. Алдағы уақытта нәтижелерімді жақсартып, Қазақстанның көк туын биіктен желбірету үшін бар күшімді саламын», – деді Ақмарал Ерекешева.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №98

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ